Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «В» класс
Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 жыл 04-08 қыркүйек

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Достық тілек»**<br>**Мақсаты:**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталанады, ,<br>**Шарты:** балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне допты ұсына отырып, достық тілегін айтады, сұрақ қою арқылы жауап алуға да болады.<br>(сөйлеуді дамыту) | **«Айна» ойыны**<br>*Мақсаты*: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйренеді.<br>*Шарты:* балалар айнаға қарай отырып, өз әрекетіне , көңіл күйіне назар аудара отырып, басқа адамның көңіл күйін бағалауды үйренеді.<br>(қоршаған орта, денебелсенділігі) | **«Менің көңіл-күнім»** ойыны<br>Мақсаты: Баланың көңіл-күйін анықтау.<br>Шарты: балалар өздерінің көңіл-күйін смайлик арқылы көрсетеді. | **Гүл» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Шарты:** Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды.Гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып,бүрісіп отырады) Бір уақытта қайтадан күннің кзі күлімдеп шыға бастайды.Сол уақытта гүлдер де құлпырып,жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап,бір үлкен гүл шоғына жиналады) | **«Автобус»** ойыны<br>Мақсаты: Сапты дұрыс құрап, саппен жүруді бекіту,бір-бірін итермеуге ,яғни сыйластыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Балалар бойымен қатарға тұрады,тәрбиеші автобус жүргізушісі,дыбыстаған кезде қозғалады,сапты бұзбай топқа кіруге бағытталады. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | « Отбасы, отбасылық климат»<br>Мақсаты: Отбасы тәрбиесінің жалпы шарттарын анықтау. Ата-аналардың отбасы климаты және оның бала дамуына әсері туралы түсініктерін қалыптастыру | «Телефонның зияны»<br>Мақсаты: Ата-аналардан балалар телефонды үйде қанша уақыт қарайтыны жөнінде сұрау<br>Мыс: сіздің балаңыз телефон ұстамау үшін қандай әрекеттер жасайсыз? деген сұраққа жауап алуға тырысамын | «Пайдалы көкөністер»<br>Мақсаты: Ата-анасынан баласының қандай көкөністерді жақсы көретінін немесе ұнатпайтыны жайлы сұрау.Неліктен жемейтінін,ол көкөністің пайдасы туралы бала біле ме,білмей ме? Осы тақырып аясында әңгімелесу,кеңес беру. | «Сіздің балаңыз»<br>Мақсаты:ата-анасынан баласының мінез-құлқындағы ерекшеліктер жайлы сұрау.Балаңыз қонаққа барғанда өзін қалай ұстайды? Өз балаңызды жыбырлақ деп ойлайсыз ба? Өз жақындарыңыздың арасында балаңыз өзін қалай ұстайды? Осы сұрақтар аясында ата-анамен кеңесу. | «Спорт және бала»<br>Мақсаты: Ата-аналардың балаларға арналған спорт түрлері жайлы әңгімелеу. Балаңыздың қандай спорт түрімен айналысқанын қалайсыз? Отбасында агрессиялық қысым болмай ма? Ата-анасының баласының спортқа қызығушылығын арттыруға көмектесуге шақыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Топтастыр» ойыны<br>Мақсаты: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай біледі, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады.<br>Шарты: заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен | «Пазл жина» ойыны<br>Мақсаты: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;<br>Шарты : : пазл бөлшектерінен белгілі бір бейнені құрастырады (математика) | «Жоғалған зат» ойыны<br>Мақсаты: баланы көргенін есте сақтап қалуға дағдыландыру.<br>Шарты: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады,бала затқа мұқият қарайды да теріс қарап тұрады.Бала қайта | «Қайтала» ойыны<br>Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін дамыту,шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты:Балалар жұппен ойнайды,Әр балаға шырпының 6 талынан беріледі.Екі баланың бірі бір затты құрайды,жұбы соны тез қайталауы керек. | «Шатаспай,есте сақта!» ойыны<br>Мақсаты: Баланың зейінін дамыту,есте сақтауын дамыту.<br>Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады,тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады,соған байланысты суреттерді табу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыру тәсілдерін қолдана отырып ұзын-ұзындау (қысқалау), қысқа, биік – биіктеу,аласа, жуан-жуандау (жіңішкелеу)жіңішке ұғымдарын ажыратып, заттарды қасиетіне қарай топтастырады (математика) | | қарағанда қай заттың жоғалғанын табу керек. | | |
| Таңертенгі жаттығу | «Жануарлар »<br>Мақсаты: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді.<br>заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді.<br>Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды (денебелсенділігі) | «Тосқауылдар»<br>Мақсаты: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>Шарты:  балалар алдында тосқауылдар (батпақты су, тікенекті шөптер) бар, осы тосқауылдардан өтеді ( дене шынықтыру | «Өзеннен өту»<br>Мақсаты: кедергілерден секіріп өту, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіру.<br>Шарты: балалар алдында өзен бар,сол өзенге қойылған тастардың үстінен секіріп өту. | «Допты қағып ал»<br>Мақсаты: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу.<br>Шарты: балаларды екі қатарға бөліп тұрғызып,қолдарына доп беріп бір –біріне лақтырып,қағып алу. | «Көңілді би»<br>Мақсаты: музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау:<br>Шарты: Музыка ырғағымен жаттығулар жасау. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Керекті ресурстарды дайындаймын | Балаларды дайындаймын. | Іс-әрекетке дайындығын бақылаймын | Көрнекіліктер | Сергіту жаттығуларын жүргіземін |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>П/ж ойын Телефон әдісі «Ата, сипатта»<br>Мақсаты:  Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйренеді<br>Шарты: карточкаларды орындықтардың артына саралап (ара, бал, омарта, гүл) бөлемін, 4 колоннаға тұрады, бір – біріне сөздерді айтады<br>Қ/о«Еңбекқор аралар»<br>Шарты: балалар(р, л ) дыбыстарына сөздер айтады. Балалар қай дыбысты анық айтпаса , сол дыбысқа сөздер айтады.<br>Ра-ра-ра ызылдайды ара<br>Ла –ла-ла жерді тырмала – бірге айтады<br>Ара тобы – л дыбысына<br>Бал тобы –р дыбысына<br>Омарта тобы- л дыбысына<br>Гүл тобы-р және л дыбысына сөздер айтады. | **Сурет салу**<br>П/Ж«Менің сүйікті жануарым**»**<br>**Мақсаты:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.<br>Шарты: доғал сызықтарды әртүрлі пішін мен түстермен сәйкестендіре отырып ормандағы жануарларды бейнелейді.<br>Балалар өздерінен ұнаған жануарларды таңдай отырып топқа бөлінеді.<br>Қ/ О: «Орманда»<br>Мақсаты: топпен бірігіп жұмыс жасай отырып, түстер мен олардың реңктерін береді<br>Шарты: таңдаған түстері бойынша тапсырмаларды орындайды.<br>Көк түс- аспанды бояйды<br>Қызыл түс – гүлдерді салады | **Көркем әдебиет**<br>«Алма»  ертегісі<br>Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды<br>«Үштік» әдісі арқылы балаларды топқа бөлемін.<br>П/Ж  мнемокесте арқылы ертегінің мазмұнын айтады.<br>Қ/О : «Сипатта»<br>Шарты:: шығарма кейіпкерлерін атап, сипаттайды<br> қоян<br>карға<br>кірпі<br>Е/О. «Сахналап көр»<br>Мақсыт. көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы | **Математика негіздері**<br>«Қозғалыс бағыттары»<br>Мақсаты. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>П\о: «Үстінде,астында,артында,алды нда»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты:балалар суретке қарап доп,мысық,көліктің қай жерде орналасқанын тез табу.<br>Қ\о: «Кім тапқыр?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді сипалап анықтау.<br>Шарты:картоннан жасалған пішіндерді бала көзі байлаулы күйде анықтап табу керек.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>П\ж: «Мен жақсы сөйлеймін»<br>Мақсаты: дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз» ойыны<br>Мақсаты:Балалардың сөзге дыбыстық талдау қабілетін бекіту.<br>Шарты: сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>П\ж: «Тілші»<br>Мақсаты: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Шарты:жүргізуші бала сұрақ қояды, мысалы,<br>-мынау не?.<br>-бұл жеміс,алма<br>-алма қандай?<br>-алма қызыл,тәтті,т.т<br>Қ\о: «Сиқырлы қорапша»<br>Мақсаты:Балалардың сөздік қорын,фонематикалық есту қабілетін логикалық ойлауын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Топпен, жұппен жұмыс жасайды.<br>«Кім зерек?»<br>Балалар (л,р) дыбыстарын анық айтады.<br>Шарты:Заттық кеңістіктен (р, л) дыбыстары кездесетін заттарды тауып , сипаттап береді.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Балалар дыбыстарды анық айтып, шапшаң ойлауға, зеректікке үйренеді.<br>**Дене шынықтыру**<br>«Орманға саяхат»<br>Мақсаты: : сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен ; тізені жоғары көтеріп жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүреді.<br>Шарты: балалар орманға жету үшін әр түрлі жолдардан өтуі керек.<br>Қ/о«Жануарлар»<br>Мақсаты:бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді.<br>заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді.<br>жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен өрмелейді<br>Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды (денебелсенділігі)<br>Е/о:«Саңырауқұлақтар жинайық?»<br>Мақсаты: Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін  ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. | Жасыл түс- шөптерді<br>Күлгін түс – кемпірқосақтың суретін салады.<br>Е/О:  «Көбелектер»<br>Шарты: салған жазғы табиғат көрінісін берілген үлгідегі көбелектерді қиып жапсыру арылы безендіреді.<br>**Сауат ашу**<br>**П/ж о«Ата, сипатта»**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптасады, сөздің мағынасына қызығушылық танытады..<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптасып, сөздерді буындарға бөліп, олардың саны мен ретін анықтайды.<br>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйренеді.<br>Шарты: берілген ресурстар бойынша заттардың атауын айтады.<br>Мысалы: орындық- жиһаз, біз оны отыру үшін қолданамыз.<br>Қалам- оқу құралы , қаламмен дәптерге жазамыз.<br>Қ.о«Буыннан сөз құра» ойыны<br>Шарты: берілген буындардан сөз құрастырып айтуы керек.<br>Мысылы: қа-,,, ( қалам, қағаз, қала , қара ...)<br>Е.о.<br>«Ғажайып қоржын»<br>**Шарты:** Қоржындағы заттарды сипап сезу арқылы , атайды. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана алынып, балаларға көрсетеді<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**?<br>«Менің әлемім»<br>Мақсаты:<br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, | мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды.<br>Шарты: ресурстар беріледі. Балалар ертегіні сахналайды.<br>**Математика негіздері**<br>«Бір топ бала»<br>Мақсаты:"Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>П\о: «Біреу және көп»<br>Мақсаты:біреу және көп ұғымын ажыратуды бекіту<br> Шарты: бала заттардың арасынан бір затты және көп затты табу керек. мыс:тақта-біреу,парта-көп.<br>Қ\о: «Шаршы құрастыр»<br>Мақсаты:жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру<br>Шарты: ақ шаршының үстіне түрлі-түсті шаршыны құрастырып қою,топпен,жеке жұмыс жасауға болады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Дыбыстар әлемі»<br>Мақсаты.сөздегі Дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>П\о: «Сөз ойла,тез ойла»<br>Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап,сөздегі дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>Шарты:тәрбиеші кез келген дыбысты айтады.балалар сол дыбыстан басталатын | Шарты: ж-ш дыбыстарынан басталатын сөздерді шапшаң айту,анық айту, жаңа-шана Жар-шар,жел-шел,<br>Қ\о: «Балық аулайық»<br>Мақсаты:берілген суреттерді атап,сөйлем құрау,<br>Шарты:қармақпен аулап алған суретке байланыстырып сөйлем құрау.Мыс,шанамен қыста сырғанайды, шар түрлі-түсті,жеңіл болады.т.т<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>«Тақпақ айта білемін»<br>Мақсаты:<br>Қазақ тіліне тән к-қ,з-ж дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Шарты:к-қ дыбыстарына арналған тақпақ жатқа айтқызу.<br>К-ні айтсам-ол кітап<br>Нәр береді біліммен<br>Қ-ны айтсам-ол қалам,<br>Ақ қағазда жүгірген.<br>З-дегенім зымыран,<br>Ол әуенің көлігі.<br>Ж-дегенім жидек,<br>Ішінде бар өрігі.<br>П\ж: «Орнын анықта»<br>Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Шарты: берілген дыбыстардан басталған сөздердегі орнын анықтау,мыс,зымыран,з сөздің басында,.т.т<br>**Музыка**<br>«Көңілді-мұңды» ойыны<br>Мақсаты: Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Шарты:балаларға 4 карточка беріледі,көңілді құлыншақ,көңілді күшік,көңілсіз қуыршақ,мұңды | Шарты: қорапша ішінен бір суретті таңдатып, қай дыбыстан басталады,соңғы дыбысы қандай,дұрыс айту.<br>**Көркем әдебиет**<br>«Кітапханада»<br>Мақсаты: кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету.<br>Шарты:кітапханаға саяхат жасау,таңдаған шығармаларын электронды нұсқада тыңдату.<br>П\ж: «Шынжырға ертегілерді жинайық»<br>Мақсаты:Ауызекі сөйлеу мен есту қабілетін дамыту.<br>Шарты:балаларға таныс ертегілердің үзінділері айтылады,соны табу керек. Мысалы,ата мен әже өмір сүріпті,олар ұннан...(ары қарай атын атау керек)<br>Қ\о: «Кім көп айтады?»<br>Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту,шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты:Доппен ойнатылады,шеңбер бойымен тұрып допты лақтырып айтады,мыс,сырғанайды-немен? Тез жауап беру керек.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Мамандықтар әлемі»<br>Мақсаты: Еңбекке баулу**.** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>П\ж: «Кімнің киімі»<br>Мақсаты:мамандық иелеріне деген қызығушылығын арттыру,олар туралы білімдерін нақтылау.<br>Шарты: Жұмыс киімдері арқылы мамандық иесін табу,дұрыс атау.<br>Қ\о: «Қуыршақты жұмыс киімімен киіндір» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты: осы кедергілерден өту арқылы алаң,а қойылған саңырауқұлақтарды жинайды.<br>**Қазақ тілі**<br>«Жайлауда»<br>Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп)сөздермен таныстыру<br>П\о: «Бөлігін  тап»<br>Мақсаты: берілген бөлінген суреттердің бөлігін тауып құрастыру.<br>Шарты: баларға киіз үй жабдықтарының бөлінген суреттері беріледі,оның бөлігін тауып құрастыру керек..<br>Қ\о : «Кім білгір?»<br>Шарты.: Көрсетілген суреттегі заттың неден жасалатынын айту керек.Мыс: киіз-жүннен,арқан-жіптен,т.б<br>**Математика негіздері**<br>*Сан және санау.*<br>Мақсаты:10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттығады.<br>Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен танысады<br>П/Ж ойын<br>«Ретімен орналастыр»<br>Шарты: берілген көрнекіліктер арқылы сандарды тура, кері бағытта ретімен орналастырады.<br>Қ/О.  «Жұмыртқа жинайық» | ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету<br>П\о: «Ол не? Бұл кім?»<br>Мақсаты: Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы сөздік қорын байыту,ойлау,қабылдау қабілеттерін арттыру.<br>Шарты:Балаларға суреттер беріледі,суреттерде не,кім бейнеленген,не үшін керек,кім көрсетілген соған жауап беруі керек.<br>Қ\о: «Затты сипатта»<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>Шарты: Бөлмедегі кез келген затты көрсетіп оның қалай,неден жасалғанын айтқызу.<br>**Музыка**<br>«Музыка әлемінде»<br>Мақсаты:<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>П\о: «Үш гүл» | сөздерді ойлап айту керек.<br>Қ\о: «Эстафета»<br>Мақсаты: Айтылған кез келген сөздің не екенін,неден жасалғанын,т.т табу арқылы ойлау қабілетін дамыту.<br>Шарты: таяқшаны ұстап тұрып кез келген заттың аты айтылады,мыс,алма-жеміс-дәмді-ағашта өседі,т.т<br>**Дене шынықтыру**<br>«Волейбол»<br>Мақсаты: Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.<br>Қ\о: «Төбеде доп қуу»<br>Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа,дербес қимыл әрекетке үйрету.<br>Шарты: екі топқа бөлінеді,әр топтың балалары бірінің артына сапқа тұрады,капитандар допты басынан асыра ұстап тұрады.белгі берілгеннен кейін артындағы балаға допты басынан асыра беріп,тез-тез жалғастыру керек.<br>Е\о: «Тым-тырақай»<br>Мақсаты:шашырап жүгіру дағдысын нығайту.<br>Шарты:тәрбиеші санамақ арқылы айтады:бір,екі,үш ал енді тым-тырақай дегенде балалар жан-жаққа шашырап жүгіреді. | қоян.Әуенге қарай карточканы көрсету және олардың көңілін қалай көтеруге болады,сол туралы әңгімелеу.<br>П\ж: «Ән салған кім?»<br>Мақсаты: Ән айту дағдыларын қалыптастыру<br>Шарты:балалар шеңбер жасап тұрады,бір бала жасырын тұрып ән айтады,балалар кім екенін табу керек. | Мақсаты: мамандыққа байланысты көзқарасын дамыту,<br>Шарты:қуыршаққа ат қойып алдымен қандай маман иесі етіп ойнауды нақтылау.Болмаса суреттегі мамандыққа байланысты киіндіруге болады.<br>**Дене шынықтыру**<br>«Қақпаға дәлде»<br>Мақсаты: Футбол элементтері**.** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Шарты:допты белгіленген қақпаға қарай дәл тебу,алмасып,кезектесіп ойнау.<br>Қ\о: «Аңшы мен үйректер»<br>Мақсаты:дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу.<br>Шарты: Шеңбер ішіндегі үйректерді доппен атып алу керек.<br>Таза ауада еркін ойындар ойнату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты: жарылған жұмыртқа бөліктері беріледі. Бір бөлігінде цифр, екінші бөлігінде нүктелер. Балалар сәйестендіреді.<br>Е.о «Көрші-көрші»<br>Шарты: 10 көлеміндегі сандарды таңдап алып, көршілерін табады. Ойынға балалар түгел қатыстырылады. | Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып суреттегі көңіл-күйді беру.<br>Шарты: үш гүлде үш түрлі эмоция берілген,шығармаға қарай гүлді таңдап,көрсету керек.<br>Қ\о: «Күннің көзі және бұлт»<br>Мақсаты: музыка ырғағына қарай ауа-райы құбылысын дұрыс көрсету.<br>Шарты:музыка көңілсіз болса бұлтты,көңілді болса күнді салу керек. | | | |
| Серуенге дайындық | Ауладағы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты:Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсінеді<br>Шарты: балаларға түрлі пішіндегі жапырақтар беріледі. Балалар сол арқылы ауладағы өсіп тұрған ағаштарды , бұталарды ажыратады. (қоршаған орта) | «Мені қайтала» ойыны (балалардың жеке ерекшелігіне қарай мыс: баяу, мазасыз, агрессивті)<br>Шарты: өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдылары жетіледі | «Күзгі табиғатқа бақылау»<br>Табиғат құбылыстарына,яғни желге,күн шуағына,аспанға,бұлтқа бақылау жүргізу. | «Тірі және өлі табиғат»<br>Балаларға тірі және өлі табиғат жайында ақпарат беру.Оларды ажырата білуге үйрету. | «Көкөністер»<br>Көкөністер жайлы түсініктерін кеңейту,жемістерден дұрыс ажыратуын бекіту. |
| Серуен | «Не көрдік, не білдік?» ойыны<br>Мақсаты: серуендегі бақылау бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. | «Күзгі баққа саяхат»<br>Мақсаты: адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқайды.<br>Шарты: жеміс –жидектерді күтіп баптау жолдарын түсінеді.<br>-Жеміс-жидектерді қай кезде жигайды?<br>- Жеміс ағашына қандай күтім керек?<br>- Бақта кімдер еңбек етеді?<br>Берілген сұраққа балалардың дұрыс , толық жауап беруін талап етемін<br>Еңбеке баулу<br>Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысады, ауланың тазалығына атсалысады.<br>Шарты: Ауладағы шашылған қағаздарды, түскен жапырақтарды жинап , қоқысқа тастайды. | «Кім көп сөз біледі?» ойыны<br>Мақсаты:балалардың ой-өрісін дамыту,жылдам ойлап айтуға,байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Балалар дөңгелене отырып көрсеткен суреттер жайында тез әңгіме құрау.Мыс,жел,аспан,бұлт сөздеріне сөйлем құрау.<br>Еңбекке баулу.<br>Түрлі-түсті жапырақтарды жинай отырып,қол еңбегімен жұмыс жасауға үйрету. | «Ұшты,ұшты» ойыны<br>Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа,жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: өлі,тірі заттарды атаған кезде қолдарын көтеру,көтермеу.<br>Еңбекке баулу.<br>Гүлдерге су құю,жапырақтарын сүрту.<br>Балалардың еңбекке деген құлшынысын арттыру. | «Кім көп жинайды?» ойыны<br>Мақсаты:Шапшаңдыққа, Ептілікке баулу.<br>Шарты:Екі топқа бөлініп себетке көкөністерді тез жинау,белгі берген кезде тоқтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Аланды қоқыстан тазартуға көмектесу.<br>Мақсаты:үлкендердің еңбегін бағалау,еңбекке деген құлшынысын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу | Алихан кейбір дыбыстарды анық айтпайды.<br>Күнделікті тіл ұстарту жаттығуларын айтады. | «Күзгі бақ»<br>Шарты: балалар серуенде бақылаған жеміс ағашының суретін салады.<br>. | «Бүгін не көрдік?»<br>Күзгі табиғат жайлы әңгімелесу. | «Табиғат ғажайыптары»<br>Әдемі гүлдерді мүсіндеуге болады. | «Күз сыйы»<br>Көкөністер жайлы тақпақтар жаттату. |
| Балалармен жеке жұмыс | «Бала үні» ескеру қаншалықты маңызды | Баяу балалармен жұмыс<br>Өз-өзіне қызмет көрсету кезінде балалардан кейін қалып отырады. Сол себепті ұсақ қол моторикасын дамыту үшін тапсырмалар беріліп отырады. | Тілінде ақауы бар баламен сұрақ-жауап арқылы жұмыс жүргізу. | Балаға еркіндік беру,сурет салуға ынталы балаларға шығармашылығын шыңдауға мүмкіндік беру.. | Үндемейтін баламен жұмыс жүргізу. |
| Балалардың үйге қайтуы | «Бала үні» ескеру қаншалықты маңызды | Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес | Ауа-райын ескеру | Бала үні» ескеру қаншалықты маңызды | Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес |

Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «В» класс
Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 жыл 11-15 қыркүйек

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Әдемі гүлдер» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Шарты:** Балалар әр жерде отырады.Тәрбиеші, балалар біз барлығымыз өсіп келе жатқан гүлміз.Күн шықты, гүлдер жайнап өсіп келеді, гүлдер желмен жан-жаққа шайқадлады (қолдарын жан-жаққа шайқайды) | **«Жүрекше сыйлайық»**<br>Мақсаты: жүрекшені бір-біріне сыйлау арқылы достық сезімдерін ояту.<br>Мынау менің жүрегім<br>Бәрі осыдан басталар.<br>Сәлеміміз түзу болса,<br>Достығымыз қосталар!<br>(жүрекшені бір-біріне жалғастыру) | **«Мен кіммін?»**<br>Мақсаты:<br>Балалардың күн тәртібі туралы білімдерін кеңейту.Өздері туралы әңгімелеуге шақыру.<br>**«Күлкі сыйла»**<br>Заттар арасынан екі аяқпен секіріп жүруді, шығыршықты тігінен ұстап тұрып, оның ішінен сәл еңкейіп өтуді үйрету. | **«Гүл» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Шарты:** Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды.Гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып,бүрісіп отырады) Бір уақытта қайтадан күннің кзі күлімдеп шыға бастайды.Сол уақытта гүлдер де құлпырып,жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап,бір үлкен гүл шоғына жиналады) | **«Менің тәрбиешім»**<br>Мақсаты:<br>Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.<br>**«Достаса білейік»**<br>Достық қарым- қатынастары туралы ойды нақтылау.<br>«Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **«Пайдалы көкөністер»**<br>Мақсаты: Ата-аналардан пайдалы көкөністер жайлы сұрау,балаларының қандай көкөністі жақсы көретіні жайлы,не үшін жеу керектігі жжайлы баламен сөйлесуді ұсыну,кеңес беру. | **«Күн тәртібі»**<br>Мақсаты: сыныпаралық құрылған күн тәртібімен ата-ананы таныстыру,үй жағдайында балаға күн тәртібін құруға кеңес беру. | **«Бірлескен жұмыс»**<br>Мақсаты: ата-ана мен баланың үй жағдайында қандай жұмыстарды бірлесіп жасайтыны,көмек беретіні,баланың еңбектенуге ынтасы қалай екені жайлы әңгімелесу. | **«Бала өміріндегі ойыншықтар рөлі»**<br>Мақсаты: Ойыншықты таңдауда балаға кеңес беруі,таңдауға көмектесуі,әлде бала таңдауында болама,осы жайлы сұрақтар арқылы әңгімелесу. | **«Балалар мен кітаптар»**<br>Мақсаты: үй жағдайында баланың кітапқа қызығушылығы қай деңгейде,баласы үшін арнайы ертегі,қызықты кітаптар алу керектігі жайлы кеңес беру,сұрау. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Мекенін тап»**<br>(ү.ү ойын,суреттер арқылы)<br>Мақсаты: жалпы жануарларды ажыратып,өз мекендеріне кеңісітікті бағдарлай отырып орналастыру.<br>Шарты: дайын қиылған үй жануарлары мен жабайы жануарларды көрсетілген бағытта өз мекендеріне орналастырады,яғни оң жақ,сол жақ,төмен,жоғары. | **Ертегі тыңдау. Арыстан мен тышқан (ертегісі)**<br>Мақсаты:<br>Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттін дамыту.Ертегінің мазмұнын,басты кейіпкердің мінез- құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу.Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге | **«Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?»**<br>Мақсаты:<br>Қазақстанның (құлақты кірпі, сары күзен, қарсақ, дала тасбақасы, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. | **«Сұлулық салоны»** Мақсаты: Шаштараз мамандығы туралы түсінік беру.Әр мамандықтың қажет екені туралы білімдерін кеңейту. Ұқыптылық, тазалық туралы түсінік беру.Дені саудың тәні сау мағынасын түсіндеру. Тазалық ережелерін ұқыптылықпен орындай білуге тәрбиелеу. | **«Шатаспай,есте сақта!»** ойыны<br>Мақсаты: Баланың зейінін дамыту,есте сақтауын дамыту.<br>Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады,тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады,соған байланысты суреттерді табу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (математика) | дағдыландыру..Бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу. (көркем әдебиет) | Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту (қоршаған орта) | | |
| Таңертеңгі жаттығу | **«Біз әртүрліміз»**<br>Кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. | **Жаттығулар кешені**<br>Тізеге арналған жаттығулар<br>Тізе астынан шапалақ жүрісі | **Өрт сөндірушілер» гантелмен.**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; гантелді екі жаққа созып ұстау;<br>Қолды иыққа қою; 2- б.қ.<br>Б.қ. аяқ алшақ;<br>1-2- жүрелеп отыру, қолды алға созу;<br>3-4- б.қ.<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қол алда;<br>1-2- оңға бұрылу; | **«Тырна»**<br>Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін белге қойып, бір аяқпен тұру.<br>Күні бойы шалшықтан,<br>Тырна бақа аулайды,<br>1,2,3- тырнаның қимылын қайтала. | **«Солдат болам мен ертең»**<br>Дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамытады.<br>Денемізді тік ұстап,<br>Қолымызды созайық<br>Күнде жасап жаттығу<br>Бәрінен біз озайық! |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Керекті ресурстарды дайындаймын,суреттер,карточкалар. | Балаларды дайындаймын. (көңіл-күйін қадағалау) | Іс-әрекетке дайындығын бақылаймын | Көрнекіліктер | Сергіту жаттығуларын жүргіземін |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>П/ж ойын: **«Тілші»**<br>Мақсаты: сұраққа жауап алу арқылы бала сөйлеуге тарту.Тілдің грамматикалық құрылымын дамыту.<br>Шарты: Сурет көрсету арқылы сұрақтар қойылады.<br>-Бұл кімнің үйі?<br>-Бұл үйде кім тұрады деп ойлайсыңдар?<br>-Неге бұл үйде тышқан тұрмайды?<br>-Неге піл тұрады?<br>Күтілетін нәтиже:<br>Балалар сұраққа тез жауап беруге тырысады,шапшаң ойлауға, зеректікке үйренеді.<br>Қ\о: ««**Дүкенші»**<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнау,бір-бірімен сөйлесуді жетілдіру.<br>Шарты: бала дүкенге зат алуға барады,бағасын сұрайды,жарамдылық мерзімін сұрауды үйренеді.<br>**Дене шынықтыру«Біз-болашақ әскерміз!»**<br>Мақсаты: | **Мүсіндеу**<br>П/Ж:<br>**«Әжемнің тостағы»**<br>**Мақсаты** Заттық мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.<br>Шарты: ермексазды үңгу арқылы әртүрлі пішін мен түстермен сәйкестендіре отырып тостағанды бейнелейді.<br>Қ/ О: **«Затты сипатта»**<br>Мақсаты:<br>заттарды көріп сипаттау арқылы баланың сезімталдығын дамыту,сөйлету арқылы сөздік қорын байыту.<br>Шарты: Жемістер салынған тостағанды сипаттау керек,қай дыбыстан басталып тұр,неден жасалған,тағы не үшін пайдалануға болады?<br>Жақсы жауап берген баланы мадақтау. | **Көркем әдебиет**<br>**«Алтын бала»** әңгімесі<br>Мақсаты: Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.Тәртіпті баланың қылығын әңгімелеу арқылы баланы адамгершілікке баулу.шығарма мазмұнын қайталау арқылы есте сақтауын дамыту.<br>Нақыл сөздерді жаттату:<br>Тәртіпті бала ағаш егеді.<br>Тәртіпсіз бала ағашты сындырады.<br>**Қ/О :**<br>**«Сөйлемді аяқта»**<br>Мақсаты:<br>Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: тәрбиеші сөйлемнің басын айтады,бала жалғастырып айту керек.Мысалы,<br>Мен барамын---мектепке;<br>Апайымның аты----<br>Әжем екеуміз----<br>**Математика негіздері**<br>**П\ж\о:** | **Математика негіздері**<br>**П\ж\о:**<br>**«Не ұзынырақ,қысқа,жіңішке,жуанырақ?»**<br>Мақсаты. заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу,көлемін салыстыру.<br>Шарты: балалар көлемдері бірдей заттарды топтастыру керек.<br>**Қ\о: «Кім тез айтады?»**<br>Мақсаты: Қойылған сұраққа тез жауап беруге баулу,ойлау қабілетін дамыту.<br>Шарты: Тәрбиеші керік ұзын ба,елік ұзын ба?<br>Жіп жуан ба,арқан жуан ба?т.т сұрақтар қояды,балалар тезжауап айтуға талпыну керек.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**П\ж: «Қадамдар»**<br>Мақсаты: Сөздерді зат есімдермен байланыстырып сөйлеуге үйрету,сөйлеу тілін жетілдіру. | **Сауат ашу негіздері**<br>**П\ж\о: «Буынға буын қос»**<br>Мақсаты: Басталған буынға буын қосып жаңа сөз шығаруға үйрету.Шапшаңдыққа,тапқырлыққа баулу.<br>Шарты: Балалармен жеке-жеке немесе екі топқа бөліп өткізуге болады.Тәрбиеші сөздің басқы буынын айтады,балалар сөзді аяқтау керек.<br>Мысалы,<br>-Ал-ма<br>-Пар-та<br>-Тақ-та,т.т.<br>**Қ\ж: «Интервью»**<br>Мақсаты: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Шарты:жүргізуші бала сұрақ қояды, мысалы,<br>-мынау не?.<br>-бұл жеміс,алма<br>-алма қандай?<br>-алма қызыл,тәтті,т.т |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>3-4 метр қашықтыққа секіруді бекіту.<br>**<u>Қ\о:</u>**<br>**<u>«Жыл мезгілдеріне саяхат»</u>**<br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру жаттығуларын жасату.Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«Менің әдемі тостағаным»**<br>Мақсаты:<br>Ұлттық қолөнер шеберлерінің заттарымен таныстыру.Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, тостаған туралы білімдерін бекіту.Қазақи нақышталған ыдыстардың суретін арқылы ұлттық тәрбиеге мән беру,ұлттық құндылықты дәріптеу<br><br>**Математика негіздері**<br>П\ж ойын<br>**«Сандар шатасты»**<br>Мақсаты:<br>10 көлемінде санауды жаттықтыру**.**Сандар қатары жайлы білімін бекіту, заттарды санау және ретімен санау,<br>тура және кері санау дағдыларын жетілдіру.<br>Шарты:Балалар белгі бойынша көздерін жұмады,тәрбиеші сандардың орнын ауыстырады немесе алып тастайды.Көздерін | **Сауат ашу негіздері**<br>**П\ж\о:**<br>**«Кім зейінді?»**<br>Мақсаты: Балалардың байқағыштық қабілетін байыту,зейінін дамыту,есте сақтауын бекіту.Сөздегі дыбыс ретін,санын анықтауға үйрету.<br>Шарты: Әртүрлі суреттер мен ойыншықтарды көрсетеді,сол заттың басқы дыбысын атау керек,сол зат неше дыбыстан тұратынын айтқызу.<br>**Қ\о:**<br>**«Сөз ойла,тез ойла»**<br>**Мақсаты:** Берілген дыбысқа тез сөз ойлап айтуға дағдыландыру,ойын арқылы тапқырлыққа баулу.<br>Шарты: Тәрбиеші кез келген дыбысты айтады,соған байланысты бөлме ішінен зат тауып айту керек,мысалы,п-парта,т-тақта,т.т<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**?<br>П\ж\о:<br>**«Бөлмедегі жихаздар»**<br>Мақсаты:<br>Еңбекке баулу.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға ұсыныс тастайды,қай заттың қай жерде тұрғанын қалайсың?<br>Жұмбақтар:<br>Төрт аяғы болсада, | **«Үйдің есігін жабайық»**<br>Мақсаты**:** заттарды өлшеміне қарай салыстыруға,жуан,жіңішке заттарды ажыратуға үйрету.<br>(5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу.<br>Шарты:<br>Қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне,көлеміне қарай есігін табу керек.<br>Шарбағының биіктігін,ұзындығын айыру керек.<br>**Қ\о: «Сандарды таны»**<br>Мақсаты:<br>Сандарды өсу және кему ретімен орналастыру.Сандар туралы білімін толықтыру.<br>Шарты:<br>Балалар сандарды өсу,кему ретімен дұрыс орналастыру керек,жоқ сандарды атау керек.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**П\ж\о:**<br>**«Масалар ойыны»**<br>Мақсаты.сөздегі Дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Шарты: масалардың ыз-ыз-ыз деген ызылдаған дыбыстарын салу,дауысты,дауыссыз дыбысты анықтау үшін қолымызды тамағымызға қоямыз,тамақ дірілдесе қатты дыбыс шығады,тамақ тыныш болса дыбыс шықпайды. | Шарты: Бала әр қадам басқан сайын сөйлем айту керек,мысалы,<br>-Мен-оқушымын<br>-мен-дәрігермін<br>-мен –ұшқышпын,т.т<br>**Қ\о: «Мен тапқырмын»**<br>Мақсаты: Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру,тілдің грамматикалық құрылымын байыту.затесім,сын есімдерді байланыстырып сөйлету.<br>Шарты: тәрбиеші сөйлемдерді толық оқымайды,соны бала ойлап табу керек,мысалы,<br>-Не босағада отырып мияулайды?<br>-Мысық тәрелкедегі сүтті--?<br>-Сарайда жүрген мысық не ұстап алды?<br>-Мысықтың жүні қандай?<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>**«Өтірік өлеңдер»**<br>Мақсаты:<br>сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Өлеңді жаттап алуға дағдыландыру.<br><br>Пілге келіп құрбақа,<br>Тұр деп айқай салыпты.<br>Қорқып кеткен піліміз<br>Есінен талып қалыпты.<br><br>Араға келіп тышқаның<br>Бал беруін сұрапты<br>Тыңдамаған араның<br>Құлағынан бұрапты.<br><br>**Музыка**<br>**«Музыкалық текше»**<br>Мақсаты: Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.Ән айту дағдыларын жетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>**П\ж\о:**<br>**«Кім көп біледі?»**<br>Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдау,жанрларды ажырату,(ертегі,әңгіме, өлең)<br>Шарты: Таныс ертегінің әр жерінен бір айту керек,бала табу керек. Мысалы, әже,ата,бауырсақ... лақтар,қасқыр... қоян,түлкі,жылады,алдады<br>**Қ\ж: «Менің сүйікті кейіпкерім»**<br>Мақсаты: баланы театр әлеміне баулу,қабілетін ашу,қызығушылығын арттыру.<br>Шарты: Таныс ертегіні сахналату,өз таңдауларына салу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**П\ж\о:**<br>**«Өзі және отбасы»**<br>Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінікті нығайту, Бала, оның отбасы, үйі деген сөздердің астарын тереңдету.<br>Шарты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу.<br>-Бір үйде біз нешеуміз?<br>-Бір үйде біз бесеуміз<br>-Анам,әкем,атам,әжем,және мен.<br>-Бір үйде біз бесеуміз.<br>Санамақты қайталап айтады,жаттайды.<br>**Қ\ж: «Отбасы ағашы»**<br>Мақсаты: отбасы мүшелерінің суреттерін ағаш бұтақтарына жапсырту, олар туралы білімдерін нақтылау.<br>Шарты: Алдын ала салынған ағаш суреттеріне отбасы мүшелерінің суреттерін салғызуға немесе суреттерін жапсыртып, Отбасы ағашы деп атап картинка жасауға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ашып сандардың ретін қалпына келтіру,жоқ санды атау.<br>Құр\\ ойын:<br>**«Дауыстап санау»**<br>Мақсаты:<br>Дауыстап санауға,қорытынды санды есте сақтауға үйрету.<br>Шарты: Тәрбиеші үстелді бірнеше рет ұрады,балалар іштерінен санау керек.2-3 баладан неше рет ұрылғанын сұрайды,дұрыс таппаса қайталанады. | Етік киіп көрмеген,<br>Жалқаулығы соншама,<br>Аттап шықпас бөлмеден.<br>(үстел)<br>**Қ\\о :**<br>**«Жалпы атауын ата»**<br>Мақсаты: Балаларға заттарды жеке,жеке таныстыра келе жалпы атауын атауға үйрету,топ заттарын таза ұстауға дағдыландыру..<br>Шарты:Балаларға суреттер беріледі,оларды жасалған материалдарына сай топтастыру керек.<br>**Музыка**<br>**«Күзгі жаңбыр»**<br>Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**П\ж\о:**<br>**«Үлкен-кішкентай»**<br>Мақсаты: Балаларды ұзақ-қысқа дыбыстарды білуге үйрету,музыка ритмін сезінуге баулу.<br>Шарты: тәрбиеші балаларға әуенді тыңдатқызып,жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.Үлкен адамның жүрісі-ұзақ,баланың жүрісі-қысқа шапалақ. | **Қ\о: «Абайла,балақай!»**<br>Мақсаты: Естілген дыбысқа қарай дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>Шарты:тәрбиеші кез келген бір дыбысты қатты айтады,келесі дыбысты жәй айтады,балалар сол дыбыстарға қарай әрекет етеді,мысалы,қатты дыбыс естісе аяқтарын тепкілеу керек.Жәй дыбыс естісе қол шапалақтайды.<br>**Дене шынықтыру**<br>**«Біз күшті ержүрекпіз»**<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, қарапайым дене жаттығуларымен шұғылдану. Допты бір-біріне лақтыру. Орындық үстімен еңбектеу және тепе – теңдікті сақтау жаттығулары<br>**Қ\о: Допты қуып жет»**<br>Ойын шарты**:** Тәрбиеші допты әржаққа лақтырады, балалар қуып жетіп әкеледі<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; | Шарты: тәрбиеші:<br>Текше кетті айнала<br>Бере ғой сен досыңа.<br>Текше саған тоқтаса,<br>Сал өнерді ортаға,-деп текшені кез келген балаға береді,текшені алған бала ән салу керек.<br>**«Күзгі жаңбыр»**<br>Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру. Міндеттері: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. | **Дене шынықтыру**<br>**«Біз әртүрліміз»**<br>Мақсаты:<br>Кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру.<br>**Қ\о: «Күшті, батыл және үлкен боламын!»**<br>Балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арасынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Серуен | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. | ***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз | **Өрмекшіні бақылау**<br>***Мақсаты:*** — өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. | **Күн — жылу мен жарық көзі**<br>***Мақсаты:***<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>— табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | «Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. | Өрмекшінің суретін салғызу өз қалаулары бойынша. | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. |
| Балалармен жеке жұмыс | Омарға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.<br>**(қолды жазуға үйрету)** | Томириске түстерді сәйкестендіре білуге үйрету. | Сержанды топпен бірге ойнауға қызығушылығын арттыру. | Аяулымға тақпақ айтқызу арқылы дыбыстарды анық айтуға көмектесу.. | Наргизге суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-анаға кеңес:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі:<br>Үйде баланың көңіл-күйін қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |

Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «В» класс
Жоспардың құрылу кезеңі 2023-24 оқу жыл 18-22 қыркүйек

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу **«Кел,билейік балақай!»** музыкалық әуенмен қарсы алу. Мақсаты: балаға жағымды көңіл-күй сыйлау. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу **«Жүрегімді қабыл ал!»** Мақсаты: жүректі сыйлай отырып әдемі ,сиқырлы сөздер айтқызу. | Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **«Қайсысын таңдайсың?»** Мақсаты; баланың көңіл-күйін білу,барынша жағымды көңіл-күй сыйлау. | **«Көңілді доп»** Мақсаты: допты бір-біріне лақтыру арқылы амандасуға шақыру,есімдерін дұрыс атауға,шатаспауға үйрету. | Достар әнімен қарсы алу **«Менің досым»** (әнімен) Мақсаты: достықтың қадірін білуге шақыру. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.Әр апта күніне балаға үй жағдайында **«күн тәртібін»** құруды ұсыну. | Үйдегі **«өзіне-өзі қызмет ету»** дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. | **«Сен маған керексің,әке!»** Отбасындағы әке рөлінің маңыздылығы туралы үйде де көбірек әңгімелесуге кеңес беру. | **«Баланың әлеуметтік желіге тәуелділілігі»** Баланың интернет желісіне байланысты өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | **«Баланың қойған сұрақтарына қалай жауап беруге болады?»** Баланың деңгейінде сөйлесу керектігі,ол сұрақты не үшін қойғандығы жайлы ойланып жауап беру ұсынылады. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «**Жылдың қай мезгілі екенін тап».** Міндеті : жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. **Әлеуметтік дағдылар** | «**Ұшады, жүзеді, жүреді**» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағдылар** | **«Бұл қай кезде болады?»** дидактикалық ойыны: Міндеті : Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерек шеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді **Коммуникативтік дағдылар** | **Еңбекке баулу.** Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі **Әлеуметтік дағдылар** | Дидактикалық ойын: «**Құстар**» Міндеті: қыстап қалатын құстардың аттарын атап, немен қоректенетінің айтады. **Коммуникативтік дағдылар** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **«Босаңсу және қатаю»** Тік тұрып қолдарын ілгері көтеру,жұдырықтарын жұму,иық алдының бұлшық еттерін қатайту,(5-6сек)Күшті болам деп ойлау керек.Содан кейін денені босаңсытып,қолды төмен түсіру.Еркін қимылдар жасау. | **«Жаяу ат айдаушы»** Орындыққа отырып денені алға қарай арқаны жәй ғана еңкейту,басты төске жібереміз.Қолымызды бос ұстаймыз,көзді жұмып,бұлшық етті босаңсытамыз. | **«Күн»** Балалар шеңберге тұрып,қолдарын күнге созады,күн шуағын адамның жүрегіне сыйлайды.Балалар күн шуағын тіршілікке жолдайды. | **«Шар»** Шарды үрлеп жатырмын деп ойлап қолдарын іштеріне қойып шар сияқты қампитады.Қарын бұлшық еттері қатаяды,иықты көтермейді.Дем алады,дем шығарады. | **«Көбелек»** Табандарын қатарластырып қояды,аяғын созып білектерін айқастырып,табанын құшақтайды.Тізеден бүгілген аяқпен серіппелі тербеліс жасайды. |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық, ойындар,санамақ, тақпақтар** | **Өзім және отбасым»** Мақсаты**:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсіне отырып, отбасы | **Достық** Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан | **Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, | Құрлымдалған ойын: **«Ойыншыққа суреттерді табыңыз»** Ойынның мақсаты**:** Балалар нақты заттың сұлбасы мен | **Пед жет ойын: «Әдептілік»** Мақсаты: Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүшелерін сыйлауды біледі.<br>Санамақ жаттау. | Құрлымдалған ойын: «**Пейзажды құрастыр**»Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы біледі. | Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз | пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі. | мен оларды орынды қолдануды біледі. |
| | аспаптарының суреттері болады.Қай аспаптың дауысын естісе сол карточканы көрсетеді. | Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>**Қазақ тілі**<br>**«Екі лақ» ертегісі**<br>АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР<br>«КҮРКЕТАУЫҚ» - тілді жоғары көтеріп үйрету.<br>Ауызды аздап ашып, тілді жоғарғы ерінге қойып тілдің жалпақ ұшын алға-артқа жылжыту керек.<br>Тілді еріннен ажыратпау керек. | таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтар кезекпен жауап береді.Әрбір жауап бір ұпай.<br>Тапсырма. «Аңшылар» бойынша сұрақтар:<br>-Аңшы деген кім?<br>-Ол аңды қайдан аулайды?<br>-Орманды күзететін адамды орманшы дейміз.<br>-Орманда нелер өмір сүреді?<br>-Белгілі бір тарихи маңызы бар жерді,яғни тұқымы аз қалған жануарлар мекендейтін орынды ,яғни қорғауға арналған жерді қоық дейміз.Ал ол жерді қорғайтын адамды қорықшы дейміз. | Шарты: суреттерді ретімен орналастыру керек. | салуға,бірінің артынын бірі жүру барысында би ырғағын үйретуді игеру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, Күйші -композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>«Музыкалық аспаптың суретін аяқта» (домбыраның суретін салғызу)<br>Т\ж\о: «Аспаптың үнін ажырат»<br>Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптардың тембрін ажыратуға баулу,есту қабілетін дамыту.<br>Шарты: Карточкада пианино, домбыра,қобыз,сыбызғы аспаптарының суреттері болады.Қай аспаптың дауысын естісе сол карточканы көрсетеді. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| Серуен | **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. | **Қимылдық ойын:«Фигура жасап шық»**<br>**Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. | **«Ұлпа қар»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қыс туралы түсініктерін қалыптастыру. мезгілінің құбылыстарымен таныстыру.<br>**Серуен құралдары:**сыпыртқы, күрекшелер, шелек. | **Мұзды бақылау**<br>**Көркем сөз** Дала аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан Қалың орман қар жамылған Мауждырайды түнгі аспан<br>**Жұмбақ** Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау:** Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа | **Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Көркем сөз** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>**Жұмбақтар** Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт) Аспан түйді қабағын, Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман)<br>***Бақылау:*** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. | ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Мақал-мәтел.**<br>Отан елдің анасы,<br>Ел ердің анасы.<br>**«Қуыршақпен танысайық»**<br>Дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:**<br>балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету | **Жаңылтпаш жаттау.**<br>Доп теп, дөптеп.<br>**«Түстес ыдысқа сал»**<br>Т\ж\ ойын<br>**Мақсаты:** түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру | **Мақал- мәтел.**<br>Отан отбасынан басталады.<br>**«Мені қайтала»** дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:**<br>ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру | **Мақал- мәтел.**<br>Күш- білімде, білім- кітапта.<br>**Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты:** Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту | **«Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын:**<br>**Мақсаты:** қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру. | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Ертегі оқу. Суретпен жұмыс |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес:<br>«Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?». | Психологтың кеңесі:<br>«Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз» | Ата-анаға:<br>«Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба? | Кеңес:<br>«Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?». | Ата-анаға:<br>«Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба? |

Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «В» класс
Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 жыл 26 ақпан-1 наурыз**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **Үлкенді** де «Сіз»,<br>Кішіге де «Сіз» .<br>Бар дамға құрметпен,<br>Бас иеміз біз.<br>Адамдар бір-біріне жылы сезімдерін білдіріп, айналасындағыларғатек жақсылық ойлап, игілікті істер жасау арқылы ғана мейірімділікті таныта алады.<br>(**Әдептілік әліппесі)**<br>**Әнұран айту** | **Мейірімділік**-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі<br>Биік ұстап соны,<br>Қадірлейік біз!<br><br>(**адамгершілік әліппесі**) | **Әдемі тілекпен** қарсы алу.<br>-Үлкен болып өс!<br>-Күндей жылу шаш!<br>-Айдай әсем бол!<br>-Әрқашан жолың болсын!<br>-Денсаулығың мықты болсын!<br>-Саған бақыт тілеймін!<br>-Қуаныш тілеймін!<br>-Шаттық тілеймін!<br>-Досың көп болсын! | **«Жақсы бала қандай?»**<br>(сұрақ-жауап ойыны)<br>Жақсы бала-ақылды<br>Жақсы бала-ұқыпты<br>Жақсы бала-тәртіпті<br>Жақсы бала-мейірімді<br>Жақсы бала-қайырымды<br>Жақсы бала-білімді<br>Әрқайсымыз мен жақсы баламын деп айтайық. | Амандасу ойыны: «**Паравоз»**<br>Шарты: Тәрбиеші паравоз болады,сол паравозға вагондар амандасып,аттарын айтып жалғасуы керек.<br>-Мен көңілді паравоз<br>Мен апаймын,сен кімсің?<br>-Мен бірінші вагонмын,<br>-Сәлем паравоз,менің атым-Арман. Т.с.с (ойын вагондарды қосу арқылы жалғасады) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-анаға **кеңес:**<br>Баланың сұрақтарына шынайы және шыдамдылықпен жауап беріңіз. | Ата – аналармен **сұхбат**.<br>«Баламен қазақша сөйлесеміз!».Көбірек қазақша ертегілер,мультфильмдер қарауын қадағалаңыз. | Ата-анаға **кеңес:**<br>Табысқа күшпен жетуге болмайды,сондықтан тапсырманы орындарда күш көрсетіп,талап етпеңіз. | Ата-анамен **әңгіме:**<br>Балаңызбен бірге әңгімелер,ертегілер,фантастикалық оқиғаларды ойдан құрып, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етіңіз. | Ата –анамен **сұхбат.**<br>Адамдармен араласқанда жас мөлшеріне қарай қарым-қатынас жасауды үйретіңіз. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Фотосуреттер қарастыру<br>**«Әдептілік әлемі**» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру | **«Үй құрылысының ретін көрсет»**<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін« процесстерін дамыту.<br>(конструктормен ойын) | **Достық неден басталады**?<br>«Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру; достарға деген мейірімді қарым қатынасқа үйрету; достаса білуге үйрету.<br>(Әңгімелесу) | **Суретті тіл ұстарту:**<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра) | **«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. |
| Жаттығулар кешені | **«Жоғары-төмен қара»**<br>Орындалуы**:** Басты қимылдатпай жоғары-төмен қарау (3-4 рет). | Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру. | Доппен жаттығу . Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету. | Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету | Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Қатты – ақырын»**<br>Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай. | **Тіл жаттығулары**<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік. | **«Кірпі»** жаттығуы<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) | Айналсын деп гүлдерге,<br>Тұқым септік бұл жерге<br>Жерге тамыр тастады<br>Гүлім өне бастады | **«Асықтарды сөреге жинастыру»**<br>Мақсаты:Ағаш сөреге асықтарды орналастыру, ойын элементтерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Табыл – дабыл.<br>Бақа – бақбақ | Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма! | Жапырағы жайқалып<br>Үлкен гүлге айналып<br>Соғып еді самал жел<br>Ары бері шайқалып | пайдалана отырып асыққа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Наурыз –жыл басы**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастау.<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен және жалғаулармен байыту<br>Тіл дамыту жаттығулары.<br>ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р<br>«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,<br>«Қорқып иттер қашсын», -еп,<br>Кұжірейтіп желкесін<br>Ырылдады қаскыр кеп:<br>(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р<br>«Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>**Математика негіздері**<br>**6 саны мен цифры 32 – сабақ**<br>Ұзындығы,ені,биіктігі, жуандығын анықтау<br>салыстыру.<br>Мақсаты -ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.<br>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан | **Дене шынықтыру**<br>**Әр түрлі жүгіру түрлерімен жүру**<br>«Жұбыңды тап!» музыкамен ойналатын ойын-жаттығу<br>Мақсаты: ойынға деген құштарлығын дамыту,дене қимылдарын жетілдіру<br>Шарты: ойыншылар екі баладан жұп құрады,қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-карсы тұрады.Белгі берілгеннен кейін әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып,тигізу керек.Доптары тиген балалар ұпай жинайды.,<br>Қимылдық ойын: «Допқа дейін жеткіз»<br>Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру,жылдамдыққа баулу.<br>Шарты: Ойынды кезектесіп 3 баладан ойнайды.3 баалаға бір-бір қаптан таратылады. 20-30 метрдей жерде доптар тұрады,балалар секіріп сол доптарға жетуі керек.Бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тұсау кесу**<br>Тілдің көркемдігі (сипаттамалар,образды сөздер)<br>«Егерде күн болмаса не болар еді? » сұрақ- жауап.<br>Суретпен жұмыс<br>«Мен айтамын, сен | **Дене шынықтыру**<br>**Қысқа секіргіш арқылы бір орында секіру**<br>Қол мен иыққа арналған жаттығулар<br>«Қар кесегімен»<br>.«Қар кесегін ауыстырып сал».<br>: аяқ сәл алшақ , қол төмен.<br>Қолды алға созып, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5рет.<br>қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру, қар кесегі еденде.<br>«Қар кесегін көтер».<br>Қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру.<br>Екі аяқпен қар кесегін қысып алып, жоғары көтеру, «қар кесегі, міне» деу;<br>«ҚАҚПАН»<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді, бір топ-орман аңдары болады. Екінші топ-шеңберге айнала тұрып бір-бірінің қолдарынан ұстап жоғары көтеріп тұрады. Аңдар шулап балалар арасымен өтіп кетеді.Шу басылған кезде шеңбердегі балалар қолдарын түсіріп отыра қалады. Шеңберге ұсталып қалған аңдар қақпанға түскен болып есептеледі.<br>**Математика негіздері**<br>**6 саны мен цифры 32 – сабақ**<br>Математикалық терминдерді қолдану<br>(көп, аз,тең ұғымдарын бекіту)<br>Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.<br>«Сипап сезу арқылы санау»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау | **Дене шынықтыру**<br>**Жүгіріп, жүгіруден кейін қатарда өз орнын табу**<br>«Жаяу көкпар» алдында тұрған сыйлықты 1-ші болып алу.<br>«ЖАЯУ КӨКПАР»<br>Ойын шарты:<br>Бақылаушы таңдалады,ойын ережесінің дұрыс жүрілуін бақылайды.Ойыншылар бір сапқа тұрады,сыйлықтан 30 қадам жерде мәре анықталады. Саптағы әр ойыншының міндеті қалған ойыншыларды жығып,сыйлыққа дейін жүгіріп жетіп, оны ұстап алып,онымен бірге мәреге жету керек.<br>«Күлкі сыйла»<br>Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қауіпінің алдын алу<br>Доппен түрлі ойындар<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Қайталау**<br>«Мен әдемі жазамын» қаламға күш түсірмей жазу дағдысы<br>1-жаттығу «Құс»<br>Бас бармақ пен ортаңғы саусақты қосып сұқ саусақты қалам ұстағандай үстіне қою керек. Енді құстың дәнді қалай шоқып жейтінін көрсетуіміз керек.<br>2-жаттығу «Сәлем,саусақ»<br>Бір қолдың бас бармағын әр қолдың саусақтарының ұшымен кезекпен түрту керек және сәлем деу керек.Яғни әр саусақпен амандасу керек.<br>3-жаттығу<br>«Қабырға,алақан,жұдырық»<br>Жаттығу екі қолмен бір уақытта орындалады.Қабырға,алақан, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Наурыз –жыл басы**<br>Әңгімелеушіні тыңдау,сұрақты дұрыс қою, дұрыс жауап беруге баулу<br>«Ғажайып қапшық»<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту<br>Артикуляциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>**Математика негіздері**<br>**6 саны мен цифры 33 сабақ**<br>Заттарды белгілері бойынша салыстыру (түсі,пішіні,өлшемі)<br>Топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау; бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру.<br>«Дұрыс ажырата біл» М/ы: Заттарды түсіне,сипатына,, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.<br>«Формасы ұқсас заттарды тап» Ойынның мақсаты: Түрлі за ттарды формасына қарай а жырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау.<br>«Қолымда не бар? Ойынның мақсаты: ұзын қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.<br>Практикалық жұмыс Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Тәрбиеші «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды.Тәрбиеші балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Өмірлері өнеге болған ұлы адамдар**<br>Туған қала жайлы, оның назар аударалық ғимараттар туралы өз білімдерімен бөлісе алады.<br>Айналаны қоршаған заттар, адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы, оған ұқыпты қарау керек екендігін түсіндіру.<br>Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка**<br>**Туған жерім тұғырым**<br>Ұлттық аспаптар (домбыра,қобыз)<br>Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратуға,бірдей қарқында ән салуға,бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын үйретуді игеру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,<br>Күйші -композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру.<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>«Музыкалық аспаптың суретін аяқта» (домбыраның суретін салғызу)<br>Т\ж\о: «Аспаптың үнін ажырат»<br>Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптардың тембрін ажыратуға баулу,есту қабілетін дамыту. | жалғастыр»<br>(Мен сөздің басын айтамын, сендер аяқтайсындар.)<br>«Телефон»<br>Мақсаты: Анаға деген құрмет, сүйіспеншілікті әдемі,теңеу сөздермен телефон арқылы жеткізу.<br>Шарты: анасына деген сезімін телефое арқылы сипаттай отырып айтуды үйретемін.<br>Мысалы: менің асыл анам,т.б.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Көктемгі қызықтар Ү дыбысы мен әрпі**<br>Жоларалық кеңістікті ажырату<br>Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:<br>Қысқыштармен ойналатын ойын<br>Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>«Жасыру» саусақ ойыны.<br>Ойын шарты:<br>Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. | арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту;<br>салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Топпен жұмыс<br>жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Көктемгі шаруалар Ү дыбысы мен әрпі**<br>Жазуды көзбен бағдарлауға үйрету.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояйды.<br>Саусақ жаттығулар<br>Саусақтарды қайшылап<br>Қағаздарды қиямыз<br>Қиып-қиып аламыз<br>Біз көңілді баламыз<br>Кім көп сөз ойлайды» – И дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.<br>**Қазақ тілі**<br>**«Қазақстан барысы» ертегісі**<br>Ойын ойнауға шақырады.«Қызық екен» ойыны Балалар екі топқа бөлінеді. Тәрбиеші балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды | жұдырық деп балалар кезек-кезек алақанның шетін салып,алақанды ашып, үстелге жұдырықтай бастайды.<br>Алдымен баяу,содан соң тезірек жасайды.<br>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.<br>Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тұсау кесу**<br>Тілдің көркемдігі (сипаттамалар,образды сөздер)<br>«Егерде күн болмаса не болар еді? » сұрақ- жауап.<br>Суретпен жұмыс «Мен айтамын, сен жалғастыр»<br>(Мен сөздің басын айтамын, сендер аяқтайсындар.)<br>«Телефон»<br>Мақсаты: Анаға деген құрмет, сүйіспеншілікті әдемі,теңеу сөздермен телефон арқылы жеткізу.<br>Шарты: анасына деген сезімін телефое арқылы сипаттай отырып айтуды үйретемін.<br>Мысалы: менің асыл анам,т.б.<br>**Жапсыру**<br>**Менің төрт аяқты достарым**<br>Қарапайым сызба бойынша жұмыс<br>П\ж\о:«Суреттерді құрастыр»<br>Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту<br>Шарты: суреттерді ретімен орналастыру керек. | топпен таратады. Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.<br>«Сипаттап табу» ойыны<br>Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Өмірлері өнеге болған ұлы адамдар**<br>Еңбекке баулу, үлкендер еңбегін бағалау,еңбекке араласу<br>Қыс мезгіліндегі адамдардың еңбегі туралы суреттерді қарау,шағын әңгіме құрау. Еңбек туралы мақал мәтел жаттау. «Қолшатыр»<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышты жинастыру.<br>Мақал-мәтел<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Жасасаң егер еңбек,<br>Еңбек бәрін жеңбек.<br>«Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>(Конструктормен үй құрастырып ойнату.)<br>«ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР»<br>Ойын шарты:<br>Ортада текшелер шашылып жатады.Ойыншылар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиеші белгі берген кезде балалар тез-тез үй құрастыру керек. Қай топ бірінші болып құрастырса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**Музыка**<br>**Туған жерім тұғырым**<br>Ұлттық аспаптар (домбыра,қобыз)<br>Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратуға,бірдей қарқында ән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты: Карточкада пианино, домбыра,қобыз,сыбызғы аспаптарының суреттері болады.Қай аспаптың дауысын естісе сол карточканы көрсетеді. | Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>**Қазақ тілі**<br>**Жабайы жануарлар**<br>АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР<br>«КҮРКЕТАУЫҚ» - тілді жоғары көтеріп үйрету.<br>Ауызды аздап ашып, тілді жоғарғы ерінге қойып тілдің жалпақ ұшын алға-артқа жылжыту керек.<br>Тілді еріннен ажыратпау керек. | таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтар кезекпен жауап береді.Әрбір жауап бір ұпай.<br>Тапсырма. «Аңшылар» бойынша сұрақтар:<br>-Аңшы деген кім?<br>-Ол аңды қайдан аулайды?<br>-Орманды күзететін адамды орманшы дейміз.<br>-Орманда нелер өмір сүреді?<br>-Белгілі бір тарихи маңызы бар жерді,яғни тұқымы аз қалған жануарлар мекендейтін орынды ,яғни қорғауға арналған жерді қоық дейміз.Ал ол жерді қорғайтын адамды қорықшы дейміз. | | салуға,бірінің артынын бірі жүру барысында би ырғағын үйретуді игеру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, Күйші -композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>«Музыкалық аспаптың суретін аяқта» (домбыраның суретін салғызу)<br>Т\ж\о: «Аспаптың үнін ажырат»<br>Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптардың тембрін ажыратуға баулу,есту қабілетін дамыту.<br>Шарты: Карточкада пианино, домбыра,қобыз,сыбызғы аспаптарының суреттері болады.Қай аспаптың дауысын естісе сол карточканы көрсетеді. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| Серуен | **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. | **Қимылдық ойын:«Фигура жасап шық»**<br>**Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. | **«Ұлпа қар»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қыс туралы түсініктерін қалыптастыру. мезгілінің құбылыстарымен таныстыру.<br>**Серуен құралдары:**сыпыртқы, күрекшелер, шелек. | **Мұзды бақылау**<br>**Көркем сөз** Дала аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан<br>**Жұмбақ** Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау**: Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. | **Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Көркем сөз** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>**Жұмбақтар** Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт) Аспан түйді қабағын, Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман)<br>***Бақылау:*** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу,ойындар | **Мақал-мәтел.**<br>Отан елдің анасы,<br>Ел ердің анасы.<br>**«Қуыршақпен танысайық»**<br>Дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:**<br>балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету | **Жаңылтпаш жаттау.**<br>Доп теп, дөптеп.<br>**«Түстес ыдысқа сал»**<br>Т\ж\ ойын<br>**Мақсаты:** түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру | **Мақал- мәтел.**<br>Отан отбасынан басталады.<br>**«Мені қайтала»** дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:**<br>ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру | **Мақал- мәтел.**<br>Күш- білімде, білім- кітапта.<br>**Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты:** Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту | **«Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын:**<br>**Мақсаты:** қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру. | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру | **Жеке баламен жұмыс.**<br>Ертегі оқу. Суретпен жұмыс |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес:<br>«Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?». | Психологтың кеңесі:<br>«Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз» | Ата-анаға:<br>«Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба? | Кеңес:<br>«Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?». | Ата-анаға:<br>«Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба? |

Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «В» класс
Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 жыл 4-7 наурыз**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Жылы сөздер ойыны»** Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. **Қимылды жаттығу:** Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін жақсысын, Досымызға сыйлайық **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау. Әнұран айт** | **«Оянды анам»** Мақсаты: жақын адамдарына деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу «Сәлем сөздің атасы» Әдептілік туралы әңгімелеу **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | **«Қонақ келді үйіме»** Мақсаты: жаңадан келгендерге ілтипатпен, мейірімді қатынасқа үйрету Д/о «Жақсы-жаман» логикалық ойлауын дамыту. **Біртұтас тәрбие құндылығы: талап құндылығы: дұрыс қарым+-қатынас орната білу.** | **Үлкенді де** «Сіз», кішіге де «Сіз». Бар дамға құрметпен, Бас иеміз біз. Адамдар бір-біріне жылы сезімдерін білдіріп, айналасындағыларға тек жақсылық ойлап, игілікті істер жасау арқылы ғанна мейірімділікті таныта алады. **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды мәдениетті сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?». | Психологтың кеңесі: «Балаңыз мектепке келгісі келмей жыласа не істер едіңіз» | Ата-анаға: «Балаңыздың өзінің киінуін талап етіңіз» | Кеңес: «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?». | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Суреттерді орналастыр»** Ойынның мақсаты: әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін топтастыруға жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **Көктем мезгілінің мерекелері туралы әңгімелесу.** Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Асхана бойынша кезекшілікті ұйымдастыру. Табиғат бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын. "Атын атап бер"** Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Асхана бойынша кезекшілікті ұйымдастыру. Табиғат бұрышында еңбек ету. | . **«Оюқұрастыру»** Мақсаты:Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** | |
| Жаттығулар кешені | 1. «Сықырғыш» - Бірінен сон бірі сапқа тұрып бағытты өзгертіп жүру. «Шапалақ» - Бытырап жүгіру. 2. Сапта аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. 3. Тұзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды артқа - алға тербеп, жан - жақтан көтеру, оған қарап, ақырындап орнына түсіру. (6 - 7 рет қайталау) 4. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ | 1. денені екі жаққа кезек бұру; 2. оң мен солға кезек иілу; 3. алға иілу (қолды еденге жеткізу керек); 4. екі аяққа кезек иілу; 5. денені мықын арқылы ырғай қозғау. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру** | 1. Тізбекте қатарымен тұру және жүру. Аяқ ұшымен жүру, қолды белге ұстау. 2. Жеңіл аяқ ұшымен жүгіру. 3. Б. қ.: қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, жоғары көтеру, аяқ ұшымен тұру, қолды жанда ұстау. 4. Б. қ.: қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ, ашып тұру, кеудені еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу. | 1. Ойын. «Маған қарай жүріңдер» - топтасып бір бағытта жүргізу. 2. «Торғайлар болып ұшайық» - жан – жаққа жүгіру (жеңіл жүгіру). 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құрып тұрамыз. 4. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» жүгіру. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою. Оңға бұрылып, қолды артқа созу, оған қарап, бұрынғы қалыпқа қайта келу. Соны сол қолмен қайталау. (2 - 3 рет қайталау) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **«Тәулік бөліктері »**<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: **(танымдық дағды)** | **Суреттік бояулар**<br>**«Кім,қайда өмір сүреді»**<br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Сөздік ойын**<br>«Жаңылтпаш»<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Наурыз келді, құт келді**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қай мезгілде ойнаймыз?»<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.<br>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: Тәрбиеші көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру<br>**Математика негіздері**<br>**6 саны мен цифры 33 – сабақ**<br>Мақсаты: заттарды санау, сандарды жазу..<br>Ойын барысы: Балалар суреттегі заттарды санайды, тиісті санды жазады.<br>П\ж\о**«Кімге қанша?»**<br>Мақсаты: реттік санауды бекіту, қимылдарды санау.<br>Ойын барысы: 1,2,3 кеттік енді секіріп,<br>Шапалақтап, топылдатып.<br>Қоян келді секіріп 3,4,5<br>1,2,3<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **Дене шынықтыру**<br>**Эмоционалдық үнін және жаттығуларды орындауға ықыласын туғызу**<br>Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру,.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады.<br>дағдыландыру.<br>Қ\о: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады: «Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!» Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тұсау кесу**<br>Көктемнің ең алғашқы мерекесі-аналар,әжелер мерекесі.<br>-Біз анамыз бен әжемізге арнап қандай тақпақтар жаттадық?<br>Әжелер-өте мейірімді болады,немерелеріне ертегі оқып береді.Немерелері әжесіне тақпақ,өлең айтып береді.Әжелер кимешек,жаулық | **Дене шынықтыру**<br>**Доп қозғалысының бағытын сақтай отырып, допты бір-біріне айналдыруға, шеңбер бойымен жүгіру**<br>Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту.<br>Қ\о: «Секір-секір» Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қ\о: «Ырғып секіру» Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру<br>**Математика негіздері**<br>**7 саны мен цифры 34 – сабақ**<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы | **Дене шынықтыру**<br>**Доп қозғалысының бағытын сақтай отырып, допты бір-біріне айналдыруға, шеңбер бойымен жүгіру**<br>Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту.<br>Қ\о: «Секір-секір» Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қ\о: «Ырғып секіру» Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Кім кімге қамқор болады? Г дыбысы мен әрпі**<br>«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы<br>Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Д – ұяң дауыссыз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өмірлері өнеге болған ұлы адамдар**<br>Қазақстан қорықтары және оның маңызы, орналасқан жері туралы балаларға түсінік беру. Сирек кездесетін хайуанаттар мен өсімдік түрлерін сақтап қалу үшін арнайы ұйымдастырылған орын – қорық деп аталады. Қазақстанда осындай қорықтардың көптеген түрі бар олар: Ақсу –Жабағылы, Наурызым, Алматы, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Үстірт және т.б. қорықтар. Халқымыздың аса мәдени құндылықтарының бірі – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындардың көптеген түрлері бар. Мысалы: «Асық ату», «Арқан тарту», «Күш сынасу», «Аударыспақ», «Тақия тастамақ», «Сақина», «Қарақұлақ» Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін ЮНЕСКО әлемдік ескерткіш деп таныды.**Қазақстандағы ең көне қалалар:** Түркістан, Сайрам, Қазығұрт, Отырар, Сығанақ , Тараз,Шымкент,Саудакент.<br>**Музыка**<br>**Анашым мақтанышым**<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев). Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру . Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау. | киеді. 1.Кимешегін,жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. 2. Ою-өрнек арқылы сыпмақты безендіріңдер. Сырмақ сырып, көрпе құрап отыр. Кимылдар жасайды.Қосымша диалог құру:<br>- Ең мейірімді жан кім?<br>- Әжеден не үйренеміз? –Ертегіні оқып беретін кім?<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Қайталау**<br>дидактикалық ойыны Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.<br>Логикалық есептер<br>Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуінініме бердім. менде неше доп қалды?<br>Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету)<br>Мынау ненің суреті?<br>Қолда қанша саусақ бар?<br>2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>3. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше ал<br>**Қазақ тілі**<br>**Көңілді тапқырлар клубы (КТК)**<br>Достар бері келіңдер. Қолдарыңды беріңдер, Ғажайып толы қоржыннан Ойыншықтар алыңдар. Балалар қоржыннан ойыншықтарды алып, көлік түрлетін атайды : Мынау автокөлік ( ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед). Педагог балалардың зейінін тақтадағы көрікті көктем суретіне аударады. (Жаңа сөздермен таныстыру. – Суретте жылдың қай мезгілібейнеленген? – Көктем. Көк-тем. . – Қазір жылдың қай мезгілі? – Көктем. – Мынау не? (Қар) – Қар неге еріп жатыр? – Көктем жылы. | қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Мазмұны.:Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Үлкендерге көмектесеміз Г дыбысы мен әрпі**<br>«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Доп – 3 -дыбыс,1 буын.<br>«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны..<br>Тапсырма: балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б<br>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.<br>**Қазақ тілі** \\ тіл ұстарту<br>**Көктем**<br>«Бір үйде біз нешеуміз?» д/ ойыны. | дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Доп – 3 -дыбыс,1 буын.<br>«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.. Тапсырма: балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б<br>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тұсау кесу**<br>Көктемнің ең алғашқы мерекесі-аналар,әжелер мерекесі. -Біз анамыз бен әжемізге арнап қандай тақпақтар жаттадық? Әжелер-өте мейірімді болады,немерелеріне ертегі оқып береді.Немерелері әжесіне тақпақ,өлең айтып береді.Әжелер кимешек,жаулық киеді. 1.Кимешегін,жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. 2. Ою-өрнек арқылы сыпмақты безендіріңдер. Сырмақ сырып, көрпе құрап отыр. Кимылдар жасайды.Қосымша диалог құру: - Ең мейірімді жан кім?<br>- Әжеден не үйренеміз? –Ертегіні оқып беретін кім?<br>**Құрастыру**<br>**Киіз үйді қалай безендіреміз?**<br>– Сендердің алдарыңда түрлі түсті жолақтар жатыр. Сол жолақтар арқылы жыл мезгілдерін ажыратып, қай түстің қай жыл мезгіліне сәйкес келетіндігі туралы айтып беріңдер. – Жаз мезгілін қандай түс білдіреді? – Күз мезгілін қандай түс білдіреді? – Қыс мезгілін қандай түс білдіреді? – Көктем мезгілін қандай түс білдіреді?<br>– Міне, балалар, осы төрт мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді.<br>– Балалар, жайлауда болғандарың бар ма? – Жайлаудағы адам қандай үйде тұрады?<br>1. Алдымен ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз. – Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>– Ал төбесі ше? Төбесін екіге бүктелген | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жы-лы. Көктем қандай? – Мынау – күн. Күннің түсі қандай? – Күн сары. Дыбыстық жаттығу Ө-Ө-Ө – КӨК-ТЕМ – КӨКТЕМ Ұ-Ұ-Ұ – ҚҰС Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. | Саусақ ойыны: Бір үйде біз нешеуміз Кел, санайық екеуміз Бас бармағым атам, Балан үйрек әжем Ортан түрек әкем Шылдыр шүмек анам Кішкене бөбек мен Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз« «Суреттер сөйлейді» сөздік ойны. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау,бірге қайталау. | қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию.<br>2. Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз:<br>- есігін; - бауы мен басқұрларын;<br>- түндігін; - оюларын. Киіз үйдің бөліктерін рет-ретімен сюжетке жапсырамыз. Алдымен киіз үйдің негізгі бөлігін, содан кейін бау-басқұрларын, есігі мен оюын жапсырамыз. Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау. | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | |
| Серуен | **Қарды бақылау**<br>Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру.<br>Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар)<br>Болжам: көп қар- көп нан.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».<br>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **Күнді бақылау**<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.<br>Тақпақ:<br>Шұғылалы күніміз<br>Бақшамызға барамыз<br>Күнге қарап жайқалып<br>Біз өсіп бармыз.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер» **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br>Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту<br>**Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **Су бетіне қатқан мұзды бақылау**<br>Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.<br>Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.<br>Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)<br>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.<br>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»<br>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. | **Аспанды бақылау**<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.<br>Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)<br>Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,<br>Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Тіл гимнастикасы**<br>«Р»-ға тілің келе ме?<br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр», - деші,<br>Ал енді өзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты карауға тәрбиелеу | **«Төртінші артық» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру | **«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:** «Қоржынды сәндейміз» **Мақсаты:** Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** **Сурет салу** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (топтық жұмыс) | **Жеке баламен жұмыс:** Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. **Құрастыру** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (Әлихан, Томирис) | **Жеке баламен жұмыс:** Қаламды дұрыс ұстауға үйрету. **Қоршаған ортамен танысу** Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті (Наргиз, Омар) | **Жеке баламен жұмыс:** «Автобус» **Мақсаты:** Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Сурет салу** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (жұптық жұмыс) | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. | **Ата –аналарға кеңес** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес** Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | |

Бекітемін:
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ф.А.Кушекбаева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ
Мектепалды даярлық «Ә» класс
Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 жыл 11-15 желтоқсан**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
